# Ш Е Ш І М
## Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 24 қазан 3115-23-00-2/2143 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «Алмаз» Гульсум Айтказиновна Алибаева

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Алмаз» Гульсум Айтказиновна Алибаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Алмаз» Гульсум Айтказиновна Алибаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Алмаз» Гульсум Айтказиновна Алибаевадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде

апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 24.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Ясарова Р. К., 05.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»